

Г.А. Толымханова¹, А. Сағиқызы², Г.З. Абдрасилова³, Ж.М. Досхожина^{2*}

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан;

²ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан;

³Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: tolymkhanova01@mail.ru; ayazhan@list.ru; gauhar_abdrasilova@mail.ru; zhanatdoskhozina@gmail.com)

Көшпелі өркениеттегі коммуникацияның онтологиялық және әлеуметтік-философиялық негіздері

Мақала әлемдік өркениеттің әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі «коммуникация» феноменінің диалектикасына арналған. Осы тарихи контекст аясында Қазақстан аумағындағы номадтардың коммуникативтік практикаларының дамуының негізгі кезеңдері жіктеледі. Зерттеу барысында, бір жағынан, Батыс мемлекеттерінің саяси құрылымдары мен Батыс демократиясының қалыптасу үдерістері, екінші жағынан, хандық кезеңдегі қазақтардың «далалық демократиясы» феномені арасында параллель жүргізіліп, салыстырмалы талдау жасалған. Жұмыста тілдік коммуникацияның саяси билік түріне және белгілі бір тарихи кезеңнің әлеуметтік-экономикалық құрылымының ерекшеліктеріне байланысты сапалық тұрғыдан өзгеріп отыратын күрделі әрі жүйелі феномен екені қорытындыланады. Осыған сәйкес, «коммуникация» феноменінің формасы мен мазмұны уақыт ағымына сай бірнеше рет трансформацияға ұшыраған. Қазақ халқының өндіріс тәсілі мен өмір салтының ерекше формасы ретінде көшпелі өркениеттің болуы көне дәуірден ортағасырлық кезеңге дейінгі көшпелі қоғамдардың тарихи динамикасын айқындауға мүмкіндік берді және «далалық демократия» кезеңіндегі саяси жүйе мен коммуникация сапасының тікелей өзара байланысын анықтауға негіз қалады. Сонымен қатар қазақ қоғамында сөз, тіл және коммуникация дін мен заңмен салыстырғанда аса қуатты біріктіруші әлеуетке ие болғаны көрсетіледі. Мақалада сондай-ақ қазақ халқының тарихи дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі коммуникативтік идеологиялық басымдықтар айқындалып, тілдік коммуникацияның трансформациялануына ықпал еткен механизмдер талданды.

Кілт сөздер: коммуникация, диалог, шешендік өнер, дискурс, көшпенділер, дала демократиясы, қазақ хандығы, билік институты, құқық.

Kipicne

Адамзаттың өмір-тіршілігінің басты амалы коммуникация. Жынысына, жасына, біліміне, әлеуметтік мәртебесіне, аумақтық және ұлттық тегіне және адамның жеке басын сипаттайтын көптеген басқа деректерге қарамастан, біз үнемі ақпаратқа және коммуникациялық қызметке тәуелдіміз. Яғни, тілдік коммуникация — адам өмірінің қажетті және баршаға ортақ шарты, қоғам тіршілігінің іргелі негіздерінің бірі.

Коммуникация теориясы 1991 жылы ыдыраған Кеңестер Одағының барлық республикаларында дербес ғылым мәртебесін салыстырмалы түрде кешірек алған жас ғылыми білім саласы. Байланыс және ақпарат мәселелеріне қызығушылықтың өсуі тек XX ғасырдың екінші жартысында байқала бастады. Оған ең алдымен кибернетиканың және қазіргі заманғы электрондық байланыс жүйелерінің қарқынды дамуы себеп болды. Ал шет елдерде, Еуропа мен АҚШ университеттерінде коммуникация теориясы XX ғасырдың ортасында қалыптасқан ғылыми білімнің дербес академиялық пәні ретінде дамыды және оны тудырған электронды байланыс революциясы сияқты қарқынды дамып, «коммуникация», «ақпарат», «ақпарат алмасу» терминдері ғылымның түрлі салаларына тарады: 1960 жылдардың басында шетелдік философиялық және әлеуметтанушылық әдебиеттерде коммуникацияның жүзге жуық анықтамасы болды. Бүгінгі таңда мұндай анықтамалар одан да көп деп айтуға болады. Барлығы да коммуникацияның коммуникация процесімен байланысты процестердің, функциялардың және міндеттердің мағынасын, коммуникация механизмдерін, оның пәнін, субъектілерін және мәнін түрліше түсіндіреді. Коммуникацияның философиялық түсіндірмесі ешқашан жеке адамдар арасындағы ақпараттық хабарламалар алмасуға және вербалды қарым-қатынасқа төмендемейді. «Коммуникация — экономикалық алмасулардан (Дж. Бодриар), мифтерді беруден (К. Леви-Стросс, Р. Барт), көше көрінісіндегі пікір алмасудан (Э. Гидденс), екі адам арасындағы диалогтан (М. Бубер), өлі ескерткіштер мен мәдени мәтіндерден (Ю. Лотман) тұруы мүмкін», – деп тұжырымдайды [1].

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: zhanatdoskhozina@gmail.com

Зерттеу материалдары және әдістері

«Коммуникация» термині ғылыми айналымға XX ғасырдың басында енді. «Коммуникация» латынның *communicatio* — хабар, ортақ ету, әңгімелесу, байланыстыру, хабарлау, беру мағыналарын береді. Оған дейін коммуникация мәселесі философия мен ғылымда адамдардың қарым-қатынас мәселесі болумен ғана шектелді. Философия коммуникацияны материяның атрибутивті қасиеттерінің бірі, дүниенің материалдық тұтастығымен, демек құбылыстар мен реалды процестердің өзара байланысы және тәуелділігімен шартталған, сондықтан оны қарым-қатынас түсінігі және мазмұны ретінде түсіндіреді.

Коммуникацияны зерттеудің түпкі мақсаты оның заңдылықтарын анықтау, аңдау және болжау, тиімді пайдалану. Қоғамда қалыптасқан ақпараттық байланыстар туралы коммуникация теориясы тұжырымдаған заңдылықтар мыналар [2]:

а) қарым-қатынас заңдары объективті сипатта болады. Объективті түрде қалыптасқан коммуникациялық қажеттіліктердің, адамдардың мүдделері мен әрекеттерінің қозғалысын ашуымен анықталады;

б) заңдар жалпы қоғамдағы және оның жекелеген бөліктеріндегі қатынастарды көрсетеді;

в) динамикалық (құбылыстар арасындағы қатаң анықталған байланысты көрсететін) және статистикалық (құбылыстардың сызықтық емес тәуелділіктерін көрсететін және сондықтан статистикалық фактілерге негізделген, белгілі бір жолмен өлшенетін және ұйымдастырылған) байланыс заңдары бар;

г) қарым-қатынас заңдары басқа әлеуметтік және табиғи заңдармен — экономикалық, психологиялық, техникалық және т.б. үйлесімде әрекет етеді;

д) табиғат пен қоғамдағы ақпарат алмасу белгілі бір шарттар орындалғанда ғана мүмкін болады.

Бұл заңдар-шарттар мыналарды көрсетеді:

1) кез келген коммуникация — әр түрлі ақпарат түрлерімен алмасумен сипатталатын өзара әрекет, сондықтан кем дегенде екі тарап — коммуникациялық өзара әрекеттесуге қатысушылар (көзі мен қабылдаушы, сөйлеуші және тыңдаушы) болуы керек;

2) қарым-қатынасты зерттеудің өзегі оның процесінде қолданылатын белгілерді, сондай-ақ осы белгілерді де, оларды қолданатындарды да реттейтін ережелерді зерттеу;

3) «ең төменгі негіз заңы»: байланысты жүзеге асыру үшін белгілер жүйесі немесе қабылдау және беру ережелері түріндегі кем дегенде бір негіз болуы қажет;

4) «байланыс жүйелерінің гетерогенділік заңы» — байланыс өзара әрекеттесетін жүйелердің ақпараттық потенциалдарының сәйкессіздігі (толық емес сәйкестігі) болған кезде ғана мүмкін болады.

Латын тілінен аударғанда коммуникация «ортақ ету, байланыстыру, қарым-қатынас жасау» дегенді білдіреді. Қарым-қатынас пен әлеуметтік коммуникацияның осындай сәйкестендірілуімен «қарым-қатынас» және «коммуникация» ұғымдарының арақатынасы мәселесі туындайды: «байланыс» термині «өзара әрекет» ұғымы сияқты құбылыстар ауқымын білдірмейді ме деген мәселе туындайды. Бұл мәселені шешімін Л.С. Выготский, В.Н. Курбатов, А.А. Леонтьев, т.б. ғалымдар талдады. «Коммуникация» және «өзара әрекет» ұғымдарын жіктеу туралы пікірді орыс философы М.С. Каган негіздеді. Ол «қатынас» пен «коммуникация» кем дегенде екі негізгі қырынан ерекшеленеді деп санады. Біріншіден, «қатынас — практикалық, материалдық, рухани, ақпараттық және практикалық-рухани сипатқа ие болады, коммуникация — таза ақпараттық процесс». Екіншіден, олар өзара әрекеттесетін жүйелер арасындағы байланыс сипаты бойынша ерекшеленеді.

Зерттеу барысында логикалық, компаративтік, тарихи және жүйелілік тәсілдері пайдаланылды. Заманауи теориялармен қатар, «коммуникативті» немесе «лингвистикалық бетбұрыс» деп аталатын метатеориялық парадигма контексіндегі философиялық талдаулар; әлеуметтік коммуникациялар феноменін және әлеуметтік шындықтағы лингвистикалық коммуникацияларды зерттеген еңбектер; әлеуметтік-мәдени бірегейлік проблемасына арналған зерттеулер, тілдік процестерді басқарудағы саяси және социоллингвистикалық модельдерді зерттеген еңбектер қарастырылды.

Талқылау

Бастапқыда ежелгі гректер адамаралық қарым-қатынасты дербес тақырып ретінде қарастырған жоқ, грек ойшылдары коммуникацияны «қоғамдық диалог» ретінде ұсынды. Б.з.д. V ғасырда жағдай өзгерді — софистік философия адамды дербес болмыс ретінде қарастырып, адамнан тыс болмыс жоқ,

адам шындықты өз бойынан ғана таба алады, деп түсіндірді. Софист Протагор пікірінше: «Адам — бар нәрсенің бар болуының, жоқтың жоқ екендігінің өлшемі» [2; 374].

Адамды және адам болмысын басты мәселеге айналдырған Сократ коммуникацияны жеке адамның өзін-өзі тануының қуатты құралы ретінде қарастырды. Сократ пікірінше, адамға керегі, ең алдымен, адамгершілік болмыс: «Барлық адамдарға ортақ моральдық қасиеттер бар, олар адамды ізгі және қабілетті етеді. Қоғамда өмір сүру, дүниені шарлау үшін адам өзін әлеуметтік және адамгершілік болмыс ретінде тануы керек» [3; 126-127]. Бұл ой — софистердің моральдық релятивизміне қарсы бағытталған тезис. Сократ ойының мәні мынада: сұрақ-жауап түріндегі диалогта әңгімелесушінің көзқарасындағы қайшылықтарды, талқыланатын тақырып бойынша түрлі көзқарастардың соқтығысы арқылы ақиқатқа жетеді. Сократтың «диалектикасы» «диалогпен», «диалогоспен» сәйкес келеді. Сократтың диалектикасының құрамдас бөлігі майевтика әдісі («кіндік шешелік өнері») адамның санасында бұрыннан бар білімдердің диалог барысында көрінуіне көмектесетін өнер [4; 64-65].

Платон пікірінше Сократтың идеялары интракоммуникация ұғымына сәйкес келеді: адам жаны өз-өзіне сұрақ қояды, жауап береді, растайды, теріске шығарады. Платон полис шеңберінде оқшауланған адамның мүмкін еместігін тұжырымдады: «Біз кейде өз-өзімізге жетпей жатып, басқаларға мұқтажбыз» [5; 32].

Платон ақпаратты жеткізудің сөйлеу және жазу сияқты әдістерін жіктеді. Коммуникация барысында индивидтер арасында туындайтын қатынастарды ол «өзара пайдаланудың ақылға қонымды қатынастары» ретінде сипаттады.

Қазіргі заманғы коммуникацияны түсінуге Аристотель ерекше үлес қосты, оның еңбектерінде «коммуникация» (*homilia*) термині алғаш қолданылды. Өзінің «Никомах этикасында» философ коммуникацияны адамдардың бірге өмір сүруі, рахат немесе азап әкелу үшін қажетті құрал ретінде қарастырады. Ол бірінші болып адами қатынастардың ішкі құндылығын негіздеп, «алтын ортаны» табуға тырысты: «Орташа психикалық бейімділікке сыпайылық тән (эпидексиоттар), ал сыпайылық таныта білген адамға (эпидексиот) [тек] қайырымды және еркін туылған азаматқа пікір білдіру және тыңдау тән» [6; 142].

Аристотель коммуникация процесінің құрамдас бөліктерін анықтап, алғашқы сызбасын жасады: «Сөйлеуші — Сөз — Аудитория». «Сөйлеу үш элементтен құралады: сөйлеушінің өзінен, ол әңгімелеп отырған нәрседен және сөз арналып тұрған адамнан, өйткені тыңдаушы — барлық нәрсенің түпкі мақсаты» [7; 14].

Осылайша, біздің дәуірімізге дейін-ақ коммуникация екі ғылыми пәннің — логика мен лингвистиканың зерттеу нысанына айналды.

Ежелгі грек философтары коммуникация теориясы мен тәжірибесінің қалыптасуына үлкен үлес қосты: сөйлеу құрылымы егжей-тегжейлі әзірленді, оның ішінде кіріспе, тақырып және тақырыпты түсіндіру, баяндау, сипаттау, дәлелдеу, теріске шығару, сезімге шақыру, түйіндеу бөлімдеріне аса мән берілді, мәтінмен жұмыс істеу, мәтін құру және өңдеу ережелерін тұжырымдады, логикалық дәлелдеудің құралдары мен тиімді әдістерін негіздеді, тіл стилистикасын жетілдірді.

Ортағасырлардағы коммуникация Қасиетті мәтіндердегі құдай сөзін түсіндіру (герменевтика) — және түсіну теориясы мен тәжірибесі түрінде жүзеге асты [8; 36]. Бүкіл адамзаттың Құдай алдындағы теңдігін жариялау, дін өкілдері мен қарапайым халық арасында интеллектуалдық байланыс орнату басты мәселеге айналды.

Ортағасырлардағы коммуникация догматизм мен схоластикаға сүйенді, шіркеулік діни уағыз негізгі қатынас құралына айналып, көрнекті уағызшылары Аврелий Августин, Франциск Ассизский, Бертольд Регенсбург, т.б. болды. Ортағасырлық адамның дүниетанымы «Қасиетті кітаптарға» негізделді, «Інжіл» қоғамдық сананың, білімнің, коммуникацияның және ақпараттық процестердің идеологиялық негізіне айналды. Исидор Севильский, Юлий Руфиний, т.б. бұрыннан бар риторикалық терминологияны ретке келтірумен, мәтінді жүйелеумен айналысты. Азаматтық және сот шешендігі гомилетикамен — шіркеудің уағыз айту өнерімен алмастырылды [9; 68].

Қайта Өрлеу дәуірінде коммуникацияның жаңа түрлері дамыды. Жаңа дүниетанымның ортасында тек өзіне сенім артқан адам тұрды, жазба және баспасөздің беделі артты, ғылыми әдебиетте диалог жетекші жанрға айналды, ғылыми трактаттар көпшілікке арналған дәрістер диалог түрінде жазылды. Қайта Өрлеу дәуірінде пайда болған жаңа жанр «ғылыми жазбалар» деп аталды, ол ғылыми баяндама, ғылыми мақала жанрының негізін қалады, ғылыми хаттар, мақалалар, баяндамалар арнайы газет-журналдарда жарияланды.

Жаңа Замандағы коммуникацияның логикалық идеяларының дамуына Фрэнсис Бэкон, Рене Декарт, т.б. ықпал етті, Г. Лейбниц математикалық немесе символдық логика негізінде ғылыми коммуникация тілінің жобасын ұсынды.

Жаңа Замандағы технологиялық прогресс коммуникацияның күші мен әсерін түбегейлі өзгертті: «үшінші ақпараттық революция» — Гутенбергтің баспа құралының пайда болуы адамдарды кеңістік пен уақытта жаңа деңгейге көтерді, қоғамдық қатынастардың негізгі құралына айналған журналистика институты қалыптасты [10; 59].

XVIII-XIX ғасырлардағы неміс философиясында «субъект» және «объект» категориялары туралы, «субъект» дегеніміз қоршаған объективті дүниеге, яғни «объектіге» танымдық қатынас жасайтын белсенді тұлға ретінде түсінілетін концепциялар дамыды [11; 18].

Диалогиялық тұлғааралық коммуникацияның орнына монолог келіп [12; 12], «Мен» және «Өзге Мен» қатынасын субъект-субъектілік процесс ретінде қарастыратын тұлғааралық қатынастың теориясын құруға жол жабылып, оның орнына субъект-объектілік қатынас орнап, қарсы тараптағы («Ол») Объект — танушы субъектінің әсер етуінің пассивті объектісіне айналды [13; 70-71].

Коммуникация мәселесін дәйектілікпен қарастырған Ф. Шлейермахер болды. О. Шлейермахер үшін адамдар арасындағы коммуникация — бұл, ең алдымен, тең құқықты тараптардың арасындағы қатынас, яғни, субъект-субъект қатынасы. Бұл фактіні тану — шынайы адами қатынастардың негізі ретінде «түсіну теориясының» кейінгі дамуының алғышарты және іргелі негізі деп тұжырымдады. Ғалым басқа біреуді түсіну өнері ретінде қарастырған герменевтика — даралық, басқа. О. Шлейермахер үшін түсінудің әмбебаптығы бір ғана заңмен сарқылады: «бүтін — бөліктермен, ал бөлшек — тек бүтінмен байланыста түсініледі».

Ф. Шлейермахер мұны «герменевтикалық шеңбер» деп аталатын шеңбер арқылы жасауды ұсынды [14; 29-30].

XIX ғасырда семиотика коммуникациялық зерттеулердің жаңа бағыты ретінде алға шықты. Семиотиканың негізгі екіні қарым-қатынастың символдық сипатына аударылды, белгілі бір мағынамен, белгілі бір тәсілмен байланыстырылған белгілер мен таңбалық жүйелердің қасиеттерін зерттеді. Сонымен бірге XIX ғасырда адам өмірі мен мәдениетіндегі коммуникативті аспектілердің шеңберінен алшақтайтын ілімдер пайда болды. Ф. Ницше XIX ғасырдағы коммуникацияның ең көрнекті сыншыларының бірі болды. Ол ойлаудың тілден бөлінбейтініне сенімді, бірақ тіл әрдайым шындықты қорғамайтынын, метафоралық сөздердің көмегімен әсерлердің хаосы ұйымдастырылатынын, «өзіндік өмір» оның «болмыс» атрибуттарынан айырылған жасанды суреттермен алмастырылатынын тұжырымдады [15; 37-38].

XX ғасырдағы коммуникацияның философиялық ауқымы көп түрлі. Бір жағынан, семиотика мен герменевтика, екінші жағынан бихевиоризм, экзистенциализм, персонализм, бихевиоризм, аналитикалық және лингвистикалық философия, диалогтық философия, символдық интеракционизм сияқты философиялық ағымдар коммуникация мәселесіне бет бұрды. Ауызша сөздің маңыздылығы төмендеді, жазбаша коммуникативті актілер түрлі әлеуметтік институттар аясында дамыды, коммуникацияның жаппай әрекеттесу режиміне қайта бағдарлануы байқалды, ақпараттық технологиялардың дамуы ақпаратты реалды уақыт режимінде шексіз қашықтыққа тарату мүмкіндігі туды. Коммуникация адамдар арасындағы қатынасты ғана емес, сонымен қатар ақпаратты жеткізу мен таратудың түрлі тәсілдерін қамтыды.

Зерттеуші ғалым С. Негимовтің пікірінше, шешендік өнер ерте заманда Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай мен Үндістанда қалыптасты. Баршаға ортақ дербес өнер түрі ретінде Ежелгі Грецияда қолданысқа енді. Мысалы, Афина басшысы Солонның бұйрығымен Афина азаматтары сотта өздерін-өздері қорғай алуы үшін қызыл тілге жүйрік болуы міндеттелген [16].

Қазақ философиясындағы тілдік коммуникация проблематикасы Майқы би мен Аяз билерден бастау алады. Қазақтың шешендік өнерінің екінші кезеңі Асан қайғы мен Жиренше шешен есімдерімен байланысты. Қазақтың шешендік сөз нұсқаларын зерттеп жинаған академик В.В. Радлов: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын» [17], — деп көрсете отырып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін баяндады. Барша қазақтың коммуникациялық белсенділігінің сыры — далалық демократияда, сөз бостандығында.

Тілдік коммуникацияның негізгі құралы — сөз. Тындаушының жүрегіне жетіп, санасын баурап, ақиқат шешімді көрсетер тетік. Тілдік коммуникация арқылы хандық дәуірдегі рулар мен тайпалардың талап-сұраныстарын ескере отырып шешім қабылдайтын конфедерациялық өмір-салты.

Жер дауы, жесір дауы, қарымта мен барымта, ауыр қылмыстар лайықты да гуманды шешімін табатын, «қара қылды қақ жаратын» әділдікке бастайтын коммуникацияның шыңы — номадтық өркениеттегі «далалық демократия» болды [18].

Көшпелі қоғамда демократияның басты атрибуты саналатын белгілердің барлығының болуы және өз қызметтерін толыққанды атқаруы демократиялық үрдісті жүйелі дамытты. Мысалы, ежелгі қазақ қоғамындағы хан сайлау жүйесі, хандық биліктің басты тармағы болған Дала парламенті — Құрылтай, атқарушы билік өкілдерінің қызметін билер сотының бақылауы, жариялылығы, т.б. Негізгі заңдардың ханның басшылығымен барлық аймақ өкілдері кіретін Құрылтайда қабылдануы. Бұл заңдар жинағын XV-XVI ғасырларда Қасым хан бекітті.

XVII ғасырда Есім ханның Заңдар жинағы пайда болды. XVIII ғасырда заман талабын ескере отырып жасалған хан Тәукенің әйгілі «Жеті жарғысы» жарияланып, қазақ халқының 200 жыл бойғы саяси темірқазығына — Конституциясына айналды.

Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі С.В. Юшков: «Қазақ мемлекеті Қасым хан өмірінің соңында өте үлкен мемлекетті құра бастады. Бұл мемлекеттің құрылғаны туралы хабар ақырында Дешті Қыпшақтың түркі тілдес тайпаларының басым көпшілігін қамтитын көршілес мемлекеттерге де жетті. Оның ханы мен Қазақ хандығының Ресей мемлекетіне де белгілі болғаны аян» [19; 59-60].

Қасым хан тұсында руаралық қатынастар, жергілікті мәселелер және басқа да мәселелерді шешу үшін реттеу тетігін құру қажеттілігі туындады.

Есім хан ұлттық тарихтың аса қиын кезеңдерінде қазақ руларына сыртқы қауіпті залалсыздандыру және билікті орталықтандыру, әскери және саяси билікті мемлекетті нығайту мүддесі жолына қайта топтап, шоғырландырды. Қазақ хандығын орталықтандырылған күшті мемлекетке айналдыру мүмкіндігімен танымал болды. Есім хан заңдылық пен бірлікті жақтады, дәстүрлі қоғамның құқықтық жүйесін құруға, қазақтардың мемлекеттілігін дамытуға және барлық саяси күштерді топтастыруға ұмтылды. Ерлігі мен жауынгерлік таланты үшін халық оған «Еңсегей бойлы ер Есім» деген ат берді. Ол жасаған заңдар кейін хан Тәукенің «Жеті кодексіне» негіз болды.

XVIII ғасырда Тәуке хан тұсында алғашқы заңдар қайтадан өңделіп, сол кезеңнің талаптарына сәйкестендірілді. Тәуке хан реформалары билеуші топтардың негізгі құқықтары мен міндеттерінің аясын қамтып, мемлекетті басқару жүйесіндегі ішкі күштер арақатынасының өзгеруіне әкелді, қазақ қоғамын билеп отырған «шыңғыстықтардың» (төрелердің) немесе «ақсүйектің» позициялары әлсіреп, басымдық «қарасүйекке» — старшындар мен билер жағына ауысты. Бұл құрылымда әділдігі халық арасында кең тараған билер ерекше орынға ие болды. Мемлекет билеушісінің бұл жағдайға тікелей ықпалы болмады, нәтижесінде ондай лауазымдарға өз міндеттерін адал атқарған тұлғаларды ұсынуға мүмкіндік берілді.

Билік қатынас жүйесі Тәукенің алғашқы үлкен өзгерісі болды. Оның алдында әртүрлі саяси топтар арасында тепе-теңдікті орнату міндеті тұрды. Мұндай жағдайда Тәуке билер кеңестеріне кеңейтілген өкілеттіктер берді. Оларға: маңызды саяси және мемлекеттік шешімдер қабылдау; дипломатиялық бастамаларды жүзеге асыру; сот функцияларын және бітімгершілік бастамаларды орындау. Билер кеңестері бірігіп саяси, әскери, құқықтық, экономикалық және идеологиялық міндеттерді атқарды. Сонымен бірге бұл шара шыңғыстықтардың саяси билігін шектеу үшін қолданылды. Тәуке хан билер кеңесінің мәжілісін тұрақты етіп, билердің қызметін ұйымдастырып, Кеңестер өтетін орындарды белгіледі.

Тәуке ханның бастамасымен Билер кеңестері билік қатынастары жүйесіндегі байланыстарды жүзеге асыратын негізгі мемлекеттік ұйымға айналды. Дәстүрлі қоғамдардағы кәдімгі кеңесші ұйымдардан басты айырмашылығы — Билер кеңесінің шешімі міндетті де мұлтіксіз орындалуға тиіс болды. Осылайша, биліктің халық арасындағы беделі тез өсті.

Патшалық Ресейдің Қазақстандағы отаршылдық саясатының тікелей жүргізушісі Орынбор генерал-губернаторы, сенатор И. Неплюевтің 1748 жылы 26 тамызда Ресей Сыртқы істер алқасына жасаған ресми баяндамасында да дәл осылай атап өтілген: «Қырғыз-қайсақтардың қалыптасқан дәстүрі бойынша мұнда ежелгі дәуірдегі хан сұлтандықтарының өкілдері көшіп-қонуы мүмкін емес. Билік халықтың және билеуші ақсүйектердің сайлауы арқылы ғана, ал ханның билігі мен билігінің күші оның нақты атағы мен дәрежесіне емес, оның қаншалықты өз халқының мүддесі үшін әрекет етіп, ойлайтындығына байланысты» [20]. Яғни, билеушіні халықтың қалауы бойынша сайлау оған ерекше жауапкершілік жүктеп, мемлекеттік істерді объективті шешуге міндеттеді және оның бәрінен жоғары қоюы тиіс нәрсеге негіз болды. Бұл үрдіс бірнеше рет қана бұзылып, белгілі бір

жағдайлармен байланысты болды және Қазақ хандығында Ресей империясына қосылғанға дейін сақталды.

Қорытынды

Ұлттар, мемлекеттер, империялар тарихы интеграция мен ыдырау процестеріне толы болғанын білеміз. Олардың кейбірі саяси сахнадан кетуге мәжбүр болса, енді біреулері өз ұстанымдарын нығайта алды. Қазақстанда сапалы да жана жүйе үшін қазіргі заманға дейінгі кезеңімізді қайта қарастырып, қоғамымызға тән демократиялық құндылықтарға оралуымыз керек, тоталитаризм, олигархия мұраларын жеңіп, номадтық тарихымыздағы құнды дәстүрлерімізді жаңғыртып, көшпелі қоғамымыздың табиғи жағдайы болып табылатын демократияға қайта оралуымыз керек. Өз-өзімізге қарай жылжуымыз керек, яғни өз бірегейлігіміз бен бүгінгі күннің талаптарын үйлестіре дамыту ғана демократиялық әлемге апаратын жол болады.

Біздің көз алдымызда жаңа геомәдениет туып, жаңа идеялар мен мағыналар, мораль мен құндылықтар, саясат пен экономика түрленуде. Қазіргі адамзат пен бүгінгі ұрпақ тарихи сынақ алдында тұр — болашақтың жолы мен бейнесі олардың таңдауына байланысты. Демек, коммуникация еш бәсеңдемей, универсалды үйлестікте қарқындай түскені абзал. Солай болады да.

Алғыс білдіру

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (№ BR31714927 «Қазақстандық динамиканың социеталды контекстіндегі көпқырлы бірегейлік пен қоғамдық консенсус: гибриді сын-қатерлер жағдайында азаматтық бірлік модельдерін іздеу»).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Новая философская энциклопедия [в 4 т-х.] / Ин-т философии РАН. — М.: Мысль, 2010. — Т. 3. — 692 с.
- 2 Основы теории коммуникации / под ред. М.А. Василика. — М.: Гардарики, 2007. — 615 с.
- 3 Нерсеянц В.С. Сократ / В.С. Нерсеянц. — М.: Наука, 1977. — 152 с.
- 4 Василик М.А. Основы теории коммуникации / М.А. Василик. — М.: Гардарики, 2003. — 615 с.
- 5 Николаева Ж.В. Основы теории коммуникации / Ж.В. Николаева. — Улан-Удэ: ВСГТУ, 2004. — 274 с.
- 6 Аристотель. Сочинения [в 4 т-х.] / Аристотель; под ред. А.И. Доватура. — М.: Мысль, 1983. — Т. 4. — 830 с.
- 7 Аристотель. Риторика / Аристотель. — М.: Лабиринт, 2000. — 221 с.
- 8 Казарян И.Р. Коммуникации как основа эффективного управления персоналом / И.Р. Казарян, С.П. Морозов. — Чита: ЧитГУ, 2011. — 159 с.
- 9 Василик М.А. Основы теории коммуникации / М.А. Василик. — М.: Гардарики, 2003. — 615 с.
- 10 Алёхин Э.В. Управление общественными отношениями / Э.В. Алёхин. — Пенза: ПГУ, 2012. — 198 с.
- 11 Каган М.С. Мир общения: проблема межсубъектных отношений / М.С. Каган. — М.: Политиздат, 1988. — 319 с.
- 12 Краснянский Д.Е. Основы теории коммуникации / Д.Е. Краснянский. — М.: МГТУ ГА, 2009. — 154 с.
- 13 Василик М.А. Основы теории коммуникации / М.А. Василик. — М.: Гардарики, 2003. — 615 с.
- 14 Шлейермахер Ф. Герменевтика / Ф. Шлейермахер; под ред. Н.О. Гучинско; пер. А.Л. Вольского. — СПб.: Европейский Дом, 2004. — 242 с.
- 15 Николаева Ж.В. Основы теории коммуникации / Ж.В. Николаева. — Улан-Удэ: ВСГТУ, 2004. — 274 с.
- 16 Негимов С. Шешендік өнер / С. Негимов. — Алматы: «Ана тілі», 1997. — 208 б.
- 17 Радлов В.В. Қазақтардың сөз өнері туралы / В.В. Радлов // Қазақ шешендік өнері. — Алматы: Раритет, 2005. — Б. 25.
- 18 Әмірхан А. Тіл және мәдениет: Қазақ коммуникативтік модельдер / А. Әмірхан. — Алматы: ҚазҰУ, 2017. — 184 б.
- 19 Козыбаев М.К. «Тарих-и Рашиди» Мирза Мұхаммед Хайдар Дуглата — тарих пен мәдениеттің керемет ескерткіші / М.К. Козыбаев // Қазақстан тарихының методологиясы, тарихнамасы және дереккөзтану мәселелері (Таңдамалы еңбектер). — Алматы: Ғылым, 2006. — Б. 272.
- 20 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі: деректі баяндау / М. Мағауин. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 234 б.
- 21 Хабермас Ю. Теория коммуникативного действия / Ю. Хабермас. — М.: Наука, 2000. — Т. 1. — 464 с.

Г.А. Толымханова, А. Сағиқызы, Г.З. Абдраилова, Ж.М. Досхожина

Онтологические и социально-философские основания коммуникации в кочевой цивилизации

Статья посвящена диалектике феномена «коммуникация» в различные исторические эпохи мировой цивилизации, на фоне которых классифицированы ключевые вехи развития коммуникативных практик кочевых обществ на территории Казахстана. Проведена параллель и осуществлён сравнительный анализ между политическими структурами западных государств и процессами формирования западной демократии, с одной стороны, и феноменом «степной демократии» казахов ханского периода — с другой. В работе подытожено, что языковая коммуникация представляет собой сложный, системный феномен, качественно изменяющийся в зависимости от типа политической власти и специфики социально-экономического уклада соответствующего исторического периода. Следовательно, форма и содержание феномена «коммуникация» неоднократно трансформировались с течением времени. Так, существование кочевой цивилизации как особого способа производства и образа жизни казахского народа позволило определить тип исторической динамики кочевых обществ от древности до средневековья и сделать вывод о прямой взаимосвязи политической системы и качества коммуникации в период «степной демократии». Показано, что речь, слово и коммуникация — в сравнении с религией и законом — обладали мощным консолидирующим потенциалом в казахском обществе. В статье также выделены идеологические приоритеты коммуницирования на различных этапах исторического развития казахского народа и проанализированы механизмы, способствовавшие трансформации языковой коммуникации.

Ключевые слова: коммуникация, диалог, риторика, дискурс, кочевники, степная демократия, Казахское ханство, власть, институт власти, закон.

G.A. Tolymkhanova, A. Sagikyzy, G.Z. Abdrasilova, Zh.M. Doskhodzina

Ontological and Socio-Philosophical Foundations of Communication in Kazakh Nomadic Civilization

The article is devoted to the dialectics of the phenomenon of “communication” across different historical epochs of world civilization, within which the key stages in the development of communicative practices of nomadic societies in the territory of Kazakhstan are classified. A parallel is drawn and a comparative analysis is conducted between the political structures of Western states and the processes of formation of Western democracy, on the one hand, and the phenomenon of “steppe democracy” of the Kazakhs during the Khanate period, on the other. The study concludes that linguistic communication constitutes a complex and systemic phenomenon that undergoes qualitative changes depending on the type of political power and the specific features of the socio-economic structure of a given historical period. Consequently, the form and content of the phenomenon of “communication” have repeatedly transformed over time. The existence of nomadic civilization as a distinct mode of production and way of life of the Kazakh people made it possible to determine the type of historical dynamics of nomadic societies from antiquity to the Middle Ages and to conclude that there is a direct correlation between the political system and the quality of communication during the period of “steppe democracy.” It is demonstrated that speech, the word, and communication — when compared to religion and law — possessed a powerful consolidating potential within Kazakh society. The article also identifies the ideological priorities of communication at various stages of the historical development of the Kazakh people and analyzes the mechanisms that contributed to the transformation of linguistic communication.

Keywords: communication, dialogue, rhetoric, discourse, nomads, steppe democracy, Kazakh Khanate, power, institution of power, law.

References

- 1 (2010). *Novaia filosofskaya entsiklopediya* [New philosophical encyclopedia]. Vol. 3. Moscow: Mysl [in Russian].
- 2 Vasilik, M.A. (Eds.). (2007). *Osnovy teorii kommunikatsii* [Fundamentals of communication theory]. Moscow: Gardariki [in Russian].
- 3 Nerseiants, V.S. (1977). *Sokrat* [Socrates]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 4 Vasilik, M.A. (2003). *Osnovy teorii kommunikatsii* [Fundamentals of communication theory]. Moscow: Gardariki [in Russian].
- 5 Nikolaeva, Zh.V. (2004). *Osnovy teorii kommunikatsii* [Fundamentals of communication theory]. Ulan-Ude: VSGTU [in Russian].
- 6 Aristotel (1983). *Sochineniia* [Works]. A.I. Dovatur (Ed.). Vol. 4. Moscow: Mysl [in Russian].

- 7 Aristotel (2000). *Ritorika* [Rhetoric]. Moscow: Labirint [in Russian].
- 8 Kazarian, I.R., & Morozov, S.P. (2011). *Kommunikatsii kak osnova effektivnogo upravleniia personalom* [Communications as a basis for effective personnel management]. Chita: Chitinskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 9 Vasilik, M.A. (2003). *Osnovy teorii kommunikatsii* [Fundamentals of communication theory]. Moscow: Gardariki [in Russian].
- 10 Alekhin, E.V. (2012). *Upravlenie obshchestvennymi otnosheniami* [Public relations management]. Penza: Penzinskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 11 Kagan, M.S. (1988). *Mir obshcheniia: problema mezhsobektnykh otnoshenii* [The world of communication: the problem of intersubjective relations]. Moscow: Politizdat [in Russian].
- 12 Krasnianskii, D.E. (2009). *Osnovy teorii kommunikatsii* [Fundamentals of communication theory]. Moscow: MGTU GA [in Russian].
- 13 Vasilik, M.A. (2003). *Osnovy teorii kommunikatsii* [Fundamentals of communication theory]. Moscow: Gardariki [in Russian].
- 14 Shleiermakher, F. (2004). *Germenevtika* [Hermeneutics]. N.O. Guchinsko (Ed.). Saint Petersburg: Evropeiskii Dom [in Russian].
- 15 Nikolaeva, Zh.V. (2004). *Osnovy teorii kommunikatsii* [Fundamentals of communication theory]. Ulan-Ude: VSGTU [in Russian].
- 16 Negimov, S. (1997). *Sheshendik oner* [The art of eloquence]. Almaty: “Ana tili” [in Kazakh].
- 17 Radlov, V.V. (2005). *Qazaqtardyn soz oneri turaly* [About the verbal art of the Kazakhs]. *Qazaq sheshendik oneri — Kazakh art of eloquence* (pp. 25). Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 18 Amirkhan, A. (2017). *Til zhane madeniet: Qazaqi kommunikativtik modelder* [Language and culture: Kazakh communicative models]. Almaty: Qazaq Universiteti [in Kazakh].
- 19 Kozybaev, M.K. (2006). «Tarikh-i Rashidi» Mirza Mukhammed Khaidar Dughlat — tarikh pen madeniettin keremet eskertkishi [“Tarikh-i Rashidi” by Mirza Muhammad Haidar Dughlat — a wonderful monument of history and culture]. In *Qazaqstan tarikhynyn metodologiiasy, tarikhnasy zhane derekkoztanu maseleleri (Tandamaly enbekter) — Issues of methodology, historiography and source study of the history of Kazakhstan (Selected works)* (pp. 272). Almaty: Gylm [in Kazakh].
- 20 Maguin, M. (1997). *Qazaq tarikhynyn alipgesi: derekti baiandau* [Alphabet of Kazakh history: a documentary narrative]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 21 Khabermas, Yu. (2000). *Teoriia kommunikativnogo deistviia* [The theory of communicative action]. Vol. 1. Moscow: Nauka [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Толымханова Гафура — докторант, С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2852-0035>

Сағиқызы Аяжан — философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2133-374X>

Абдрасилова Гауһар — философия ғылымдарының кандидаты, Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0007-8701-4905>

Досхожина Жанат — PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-1416-8600>

Information about the authors

Tolymkhanova Gafura — PhD student, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0003-2852-0035>

Sagikyzy Ayazhan — Doctor of Philosophical Sciences, Professor, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0002-2133-374X>

Abdrasilova Gauhar — Candidate of Philosophical Sciences, Miras University, Shymkent, Kazakhstan; <https://orcid.org/0009-0007-8701-4905>

Doskhodzina Zhanat — PhD, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0002-1416-8600>